

**Қаратөбе аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 19-13 " Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 тамыздағы № 5-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 қыркүйекте № 4549 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 41-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 10.04.2020 № 41-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қаратөбе аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М** **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

Қаратөбе аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 19-13 " Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3416 тіркелген, 2014 жылғы 4 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

9–тармақтың 1, 6, 7 тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) онкологиялық ауруларына, туберкулез ауруларына аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде.";

"6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілгендерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған және 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға санаторлық –курорттық ем алуы үшін, табысын есепке алмай 31 АЕК мөлшерінде;

"7) гемодиализдегі 1 топ мүгедектеріне, табыстарын есепке алмай 50 АЕК мөлшерінде;" .

8–тармақ мынадай мазмұндағы 4-тармақшамен толықтырылсын:

"4) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызы мөлшерінде."

2. Қаратөбе аудандық мәслихатының аппарат басшысы Ж. Жангазиев осы шешімнің әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық–құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*Қ. Жұмағалиев  
К. Сүйеуғалиев*

" К Е Л І С І Л Д І "

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы н ы ң  
ә к і м і н і ң о р ы н б а с а р ы  
М . Т о қ ж а н о в

2016 жылғы 19 тамыз